



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Наурызда Қазақстанның 16 өңірінде инфляция қарқын алды

Астана қаласы

2025 жыл, 16 сәуір

Наурызда елде жылдық инфляция үдеп (ақпанда – 9,4%), **10,0%** болды. Жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеп, 4 өңірде баяулады.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында тіркелді – 13,3%.

Наурызда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 7,6%-ға дейін қарқын алды (ақпанда – 6,5%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ақмола облысында (10,6%) ең жоғары, ал Жамбыл, Қостанай және Түркістан облыстарында (6,3%-дан) мейілінше төмен өсім көрсетті.

Наурызда **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 9,1%-ға дейін жеделдеді (ақпанда – 8,7%). Ең жоғары мән Түркістан облысында (15,2%), ең төмен мән Алматы облысында (5,8%) тіркелді.

Наурызда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 14,3%-ға дейін жеделдеді (ақпанда – 14,1%). Сонымен қатар баға Батыс Қазақстан облысында (19,1%) жалпы республикалық деңгейден айтарлықтай жоғары, Павлодар облысында (7,2%) едәуір төмен өсім көрсетті.

Наурызда **айлық инфляция** елде 1,3%-ға өсті.

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)